



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhyy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 866–877  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20

[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_866-877](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_866-877)

## МІРӘЛІШЕР СЕРАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Райгүл Хазретәліқызы<sup>1</sup>, Хазретәлі Маханұлы Тұрсұн<sup>2\*</sup>, Ерлан Ернарұлы Сайлаубай<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

(Түркістан, Қазақстан, Саттарханов, 29)

PhD, аға оқытушы

<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>. E-mail: [raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz](mailto:raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

(Түркістан, Қазақстан, Саттарханов, 29)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: [khazretali.tursun@ayu.edu.kz](mailto:khazretali.tursun@ayu.edu.kz)

\*корреспондент автор

<sup>3</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті.

(Астана, Қазақстан, Қ.Сатпаев, 2)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-1622-2997> E-mail: [alashorda100@mail.ru](mailto:alashorda100@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е., 2026

**Аңдатпа.** *Kipicne.* Мақала саяси қуғын-сүргін-құрбаны Мир Али-Шер Сералиевтің архивтік-тергеу істері құжаттарын талдау және оның өмірбаянын ғылыми қалпына келтіруге арналған. Архивтік-тергеу істері дегеніміз алдын ала тергеу органдарының материалдарын, анықтау органдарының іс жүргізу құжаттарын, сот органдарының материалдарын қоса алғанда, архивтік құжаттардың тұтас блогын құрайды. Осы әр түрлі құжаттардың негізгі бөлігі, ақпараттық тұрғыда ең маңыздысы тергеу хаттамалары екендігін атап айтуға болады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің басты мақсаты ретінде архивтік-тергеу істерінің мәліметтері бойынша саяси қуғын-қуғын-сүргінге ұшыраған М. Сералиевтің ғылыми биографиясын қалпына келтіру болып белгіленді. Осы мақсатқа сай мынадай міндеттер белгіленді: архивтік-тергеу істеріне ғылыми сипаттама жасау және оны мәтіндік талдау; тергеу мәліметтеріне тарихи салыстырмалы талдау жасау арқылы оның бұрмалануы деңгейін анықтау; М. Сералиевтің тұлғалық байланыстарын нақтылау. *Зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.* Мақалада жасалған қорытындылар мен нәтижелер қатарында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің архивтік-тергеу істерін тарихи дереккөз ретінде қолданудың әдіс-тәсілдерін жүйелеудің ғылыми және қолданбалық маңызы бар деп білеміз. *Нәтижелері.* Зерттеу барысында саяси қуғын-сүргін құрбаны Мірәлішер Сералиевтің түрлі қызметтерде істеген құжаттары қолға түспегендіктен оның өмірбаянын архивтік-тергеу істерінің құжаттары арқылы қалпына келтірілді. Дереккөз ретінде айыпталушы М. Сералиевтің құжаттарын талдау барысында оған

тағылған «ағылшын тыңшысы» деген айыптаудың негізсіз екендігіне көз жеткіздік. *Қорытынды.* Айыпталушының төңірегіне топтастырылған «тыңшылардың» тізімі нақтыланды, олардың «тыңшылық-бүлдіргіштік» әрекеттерінің қисынсыздығы анықталды және мәтінге талдау жасай отырып, тергеу материалдарының бұрмалану деңгейі анықталды.

**Түйін сөздер:** саяси қуғын-сүргін, архивтік-тергеу істерінің бұрмалануы, Мир Али-Шер Сералиев, ағылшын тыңшысы.

**Алғыс.** Мақала «Қазақстан тарихының аймақтық аспектілерін пәнаралық зерттеу (жаңа мұрағаттық материалдар мен фольклор негізінде)» ПЦФ ИРН BR28512385 жобасы аясында орындалды және қаржыландырылды.

**Дәйексөз үшін:** Хазретәліқызы Р., Тұрсун Х.М., Сайлаубай Е.Е. Мірәлішер Сералиевтің қоғамдық-саяси қызметі мен Мұстафа Шоқаймен байланысы архивтік-тергеу материалдары негізінде // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 866–877-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_866-877

## ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МИРАЛИШЕРА СЕРАЛИЕВА И ЕГО СВЯЗЬ С МУСТАФОЙ ШОКАЕМ НА ОСНОВЕ АРХИВНО-СЛЕДСТВЕННЫХ МАТЕРИАЛОВ

Райгуль Хазреталиқызы<sup>1</sup>, Хазретали Маханович Турсун<sup>2\*</sup>, Ерлан Ерназарович Сайлаубай<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Туркестан, Казахстан, улица Б. Саттарханова, 29)

PhD, старший преподаватель

<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>. E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Туркестан, Казахстан, улица Б. Саттарханова, 29)

Доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

\* Автор-корреспондент

<sup>3</sup>Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева

(Астана, Казахстан, ул. К.Сатпаева, 2)

Кандидат исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-1622-2997> E-mail: alashorda100@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Хазреталиқызы Р., Турсун Х.М., Сайлаубай Е.Е., 2026

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена анализу документов архивно-следственного дела жертвы политических репрессий Мир Али-Шера Сералиева и научной реконструкции его биографии. Архивно-следственные дела представляют собой целостный комплекс архивных документов, включающий материалы органов предварительного следствия, процессуальные документы органов дознания, а также материалы судебных органов. Среди указанных документов особое место занимают протоколы допросов, являющиеся наиболее значимым и информативным источником. *Цель и задачи исследования.* Основной целью исследования является реконструкция научной биографии М. Сералиева на основе материалов архивно-следственного дела, связанного с политическими репрессиями. В соответствии с поставленной целью были определены следующие задачи: дать научную характеристику архивно-следственным материалам и провести их текстологический анализ; посредством историко-сравнительного анализа следственных данных определить степень их искажения; уточнить круг личных и общественных связей М. Сералиева. *Научная и практическая значимость исследования.* Научная и прикладная значимость статьи заключается в систематизации методов и подходов использования архивно-следственных дел репрессированных деятелей в качестве исторического источника. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по истории политических репрессий, источниковедению и архивоведению. *Результаты исследования.* В ходе исследования, ввиду отсутствия документальных материалов о деятельности Мир Али-Шера

Сералиева в различных учреждениях, его биография была реконструирована на основе документов архивно-следственного дела. Анализ следственных материалов показал необоснованность выдвинутого против М. Сералиева обвинения в «английском шпионаже». *Заключение.* В результате исследования был уточнен круг лиц, объединенных следствием в группу «шпионов», выявлена несостоятельность обвинений в их «шпионско-диверсионной деятельности», а также посредством текстологического анализа определена степень искажения следственных материалов.

**Ключевые слова:** политические репрессии, искажение архивно-следственных дел, Мир Али-Шер Сералиев, английский шпионаж.

**Благодарность.** Статья подготовлена и профинансирована в рамках проекта ПЦФ ИРН BR28512385 «Междисциплинарное исследование региональных аспектов истории Казахстана (на основе новых архивных материалов и фольклорных произведений)».

**Для цитирования:** Хазреталикызы Р., Турсун Х.М., Сайлаубай Е.Е. Общественно-политическая деятельность Миралишера Сералиева и его связь с Мустафой Шокаем на основе архивно-следственных материалов // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 866–877. [на каз. яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_866-877

## THE SOCIO-POLITICAL ACTIVITIES OF MIRALISHER SERALIEV AND HIS CONNECTION WITH MUSTAFA SHOKAY BASED ON ARCHIVAL-INVESTIGATIVE MATERIALS

Raigul Khazretalikyzy<sup>1</sup>, Khazretali Makhanovich Tursun<sup>2</sup>, Erlan Ernazarovich Sailaubai<sup>3</sup>

<sup>1</sup> [Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University](https://www.khojaakhmetiay.edu.kz/)

(Turkestan, Kazakhstan, 29 B. Sattarkhanov Street)

PhD, Senior Lecturer

<https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>, E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

<sup>2</sup> [Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University](https://www.khojaakhmetiay.edu.kz/)

(Turkestan, Kazakhstan, 29 B. Sattarkhanov Street)

Doctor of Historical Sciences, Professor

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

\*Corresponding author

<sup>3</sup> [L.N. Gumilyov Eurasian National University](https://www.lngumilyov.edu.kz/)

(Astana, Kazakhstan, 2 K. Satpayev Street)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1622-2997>. E-mail: alashorda100@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Khazretalikyzy R., Tursun K.M., Sailaubai E.E., 2026

**Abstract. Introduction.** The article is devoted to the analysis of the archival-investigative case files of the victim of political repression Mir Ali-Sher Seraliev and to the scholarly reconstruction of his biography. Archival-investigative files constitute an integral body of archival documents, including materials of preliminary investigation bodies, procedural documents of inquiry agencies, and judicial records. Among these various documents, interrogation protocols are of particular importance, as they represent the most informative and significant source of information. *Purpose and objectives of the study.* The main purpose of the research is to reconstruct the scholarly biography of M. Seraliev based on archival-investigative materials related to political repression. In accordance with this aim, the following objectives were defined: to provide a scholarly characterization of archival-investigative files and conduct their textual analysis; to determine the degree of distortion in investigative materials through historical-comparative analysis; and to clarify the personal and social connections of M. Seraliev. *Scientific and practical significance of the study.* The scientific and practical significance of the article lies in the systematization of methods and approaches for using archival-investigative files of repressed figures as historical sources. The findings of the study may contribute to further research in the fields of political repression history, source studies, and archival studies. *Research results.* During the study, due to the absence of documentary evidence concerning Mir Ali-Sher

Seraliev's activities in various institutions, his biography was reconstructed based on archival-investigative materials. The analysis of the investigative documents demonstrated that the accusation brought against M. Seraliev as an "English spy" was unfounded. Conclusion. The study clarified the circle of individuals grouped by the investigation as "spies," revealed the inconsistency of the accusations concerning their alleged "espionage and sabotage activities," and, through textual analysis, identified the degree of distortion in the investigative materials.

**Keywords:** political repression, distortion of archival-investigative files, Mir Ali-Sher Seraliev, English spy.

**Acknowledgements.** The article was prepared and funded within the framework of the Targeted Program Funding Project IRN BR28512385 "Interdisciplinary Study of Regional Aspects of the History of Kazakhstan (Based on New Archival Materials and Folklore Works)."

**For citation:** Khazretalikyzy R., Tursun Kh.M., Sailaubai E.E. The socio-political activity of Miralisher Seraliev and his connection with Mustafa Shokay based on archival-investigative materials // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. No. 2. Pp. 866–877. [In Kazakh]. DOI: [https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_866-877](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_866-877)

**Кіріспе.** Бұл күнде Кеңес Одағында саяси қуғын-сүргін саясатының асқан қаталдықпен іске асқандығын ешкім жоққа шығармайды. Пікірталастар тек осы құбылыстың ауқымы, оның сипаты және жалпы бағыты туралы ғана. Ал қуғын-сүргінге ұшырағандардың тергеу ісінің материалдары осы талқылаулардың маңызды дәлелі. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау бағдарламасы осы бағыттағы зерттеулерге тың серпіліс берді. Кәсіби тұрғыда ағылшын тілінде білім алған алғашқы ұлт зиялылардың бірі ретінде Мир Али-Шер Сералиевтің қоғамдық-саяси қызметі мен қуғындалу тарихы осы кезеңге қатысты тарихи танымды жаңалайтын өзекті мәнге ие болып саналады.

Қатардағы кеңсе қызметкері болғанымен оның алғашқы әйелінің француз қызы болуы және Францияда тұруы М. Сералиевті шетелдік барлау қызметімен байланысты болды деп айыптауға негіз болды. Оған эмиграциядағы М. Шоқаймен байланыс жасап, туысы С. Асфендиаров, С. Қожанов және т.б. қазақ қайраткерлерінің тыңшылық әрекеттерінде байланыстырушы рөл атқарған деген айып тағылып, ату жазасы кесілді. Мақалада арқылы М. Сералиевтің қуғындалу тарихы басқа да ұлт қайраткерлерін тыңшылыққа айыптау істерімен салыстыра қарастырылады. Оған тағылған саяси және қылмыстық айыптау қорытындысының негізсіздігі дәлелденіп, басқа да ұлт зиялыларын «тыңшылыққа» айыптауға қатысты бұрмалаушылықтарға баға беріледі.

**Әдістер мен материалдар.** Қазіргі кезде қуғын-сүргінге ұшырағандардың көпшілігі «қылмыс құрамының болмауына байланысты» деген құқықтық тұжырыммен ақталғаны белгілі. Соған сай осы архивтік тергеу істерінің мәліметтерін жариялау керек пе деген заңды сұрақ туындайды? Яғни, бұл құжаттардың басым бөлігі бұрмаланған материалдар болып саналады. Солай дегенмен бұл құжаттарды жариялау қажет. Өйткені «Бұл материалдар тоталитарлық дәуірдегі заңсыздық пен озбырлықтың маңызды дәлелі» [Литвин, 2001: 333] екендігі даусыз.

Қазіргі уақытта мұндай бұрмаланған құжаттарды дереккөз ретінде талдау ХХ ғасырдың құжаттануындағы ең өткір және өте күрделі әдістердің біріне айналып отыр. Әрбір сөз бен сөз тіркесін мұқият тексеруді қажет ететін бейтарап құжаттар ретінде тергеу хаттамалары жауап алу процесінің өзін таныта бермейді. Тергеуші оны саусақ арасынан сорып алуы да мүмкін. Жауап алудың әр бетінің соңында айыпталушының қойған қолтаңбасы да оның шынайылығына айғақ бола алмайды, өйткені айыпталушы оларға түрлі азаптаулардан, психологиялық қысым көрсетудің нәтижесінде қол қоюы мүмкін [Литвин, 2001: 334].

Тергеу құжаттарын пайдалану және айналымға ұсыну мәселелері 1999 жылы Мәскеуде өткен Бүкілресейлік ғылыми-тәжірибелік конференцияда ғалымдар мен мұрағатшылардың талқылау тақырыбына айналған болатын. Осы конференцияда «жаппай қуғын-сүргін кезеңіндегі тергеу материалдары бұрмаланған дереккөз болып табылады, бірақ соған қарамастан мұндай құжаттарды жариялау қажет, өйткені бұл материалдар сол жылдардағы заңсыздық пен озбырлықтың маңызды дәлелі ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдің тарихи ескерткіші болып табылады... Тергеу істерін тарихи дереккөз ретінде пайдаланудың қиындықтары туралы ой қозғай келе, олармен жұмыс істеу әдістемесінің әлі де әзірленбегендігіне қатысты «Бір әдістеме болуы мүмкін емес, өйткені әртүрлі процестер, әртүрлі уақытта және әртүрлі жағдайларда болды» [Кладова, 2011: 73] деп атап көрсетеді.

«АТІ (архивтік-тергеу істері) қамауға алынған немесе тергеуде болған, қуғын-сүргінге ұшыраған тұрғындардың топтарын зерттеудегі негізгі дереккөздерінің бірі» [Вертикаль и горизонталь... 2024: 15] болып саналатындықтан да оны ғылыми талдаудың маңызы зор.

Дерек көзіндегі ақпарат идеологиялық, саяси және басқа да көзқарастардың әсерінен абсолюттендірілсе ол тарихи құбылыстың мәнін бұрмалауға соқтырады. Дереккөз ерекше оқиғаларға назар аударады, бұл оқиғалар ерекше маңыздырақ болып көрініп, бұрмаланған күйінде қабылданады және ауқымы бұзылады. Осылайша, саяси қуғын-сүргін туралы ақпарат тасқыны кеңестік кезең оқиғаларының осы дәуірде өмір сүргендердің, тіпті біз дәуір құрбаны деп санайтындардың дүниетанымына сәйкес келмейтін мүлде жан түршігерлік бейнесін жасады. Деректік базаны кеңейткенімізбен біз зерттеушінің субъективті қабылдауына байланысты коллаждан басқа ештеңе алмаймыз. Әрі кеткенде, бұл «бір жағынан..., екінші жағынан...» қағидасы бойынша жасалған әлдебір нәрсе болып шығады. Эмпатикалық түсіну әдісі тарихи түсіндірудің дұрыстығына кепілдік бере алмағандығымен тың ой-тұжырымдар жасау мақсатында қолданылды. Зерттеуде осындай пәнаралық ғылыми әдістерді қолдану тақырыптың идеясын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің ең басты дереккөздерін арнайы архив қорларындағы құпиясыздандырылған саяси қуғын-сүргін құрбандарының архивтік-тергеу істері құрайды.

**Талқылау мен нәтижелер.** «Басты назар соттан тыс тергеу инстанцияларының қойнауындағы іс жүргізу процесінің сипаты мен бағытына, оның орталықта да, жерлерде де жүргізілуінің ерекшелігіне, істерді қалыптастыру алгоритміне және олардың тергеу инстанцияларынан өтуіне аударылуы керек» [Алланиязов, 2025: 189] екендігін басшылыққа ала отырып, М. Сералиевтің тергеу құжаттарын мұқият талдау барысында Қазақстандағы Үлкен террордың қатардағы құрбандарының бірінің тарихын ғылыми қалпына келтіре аламыз. Қазақ зиялыларының арасында еуропалық ұлттардың қыздарына үйленгендер санаулы ғана. Солардың бірі М. Сералиевтің тағдырына осы некелік байланыс ауыр із қалдырғандығы барынша қызықты.

Зерттеу тақарыбымыздың атынан көрініп тұрғандай, Үлкен террор кезінде ұлт зиялыларын кеңестік билікке қарсы ұлтшылдық, пантүркістік ұйымдар құрды деп, әсіресе шетелдік барлау қызметінің пайдасына тыңшылық әрекеттер жасады деп айыптауға қатысты басты дәлел олардың санаулы қазақ саяси эмигрантының бірі Мұстафа Шоқаймен байланыста болуы еді. Айыптаудың осы желісіне С. Қожанов, Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, Ғ. Бірімжанов, С. Асфендияров, Қ. Қожықов сияқты қайраткерлер тартылған. Солардың арасында биік лауазымдарда қызмет етпеген қатардағы қызметкер Миралишер Сералиевтің орны ерекше. Оның қуғындалу тарихын ғылыми қалпына келтіру арқылы жоғарыда аталған қайраткерлерді де қамтыған ұлтшылдық ұйымдардың тыңшылық қызметке айыпталуы мәселесіне айқындық бере аламыз. Осы бағыттағы зерттеуімізде олардың архивтік-тергеу істерінің мәліметтеріне талдау жасау арқылы тұжырымдар жасаймыз.

Архивтік-тергеу істеріне деген тарихи дереккөз ретіндегі сұраныс соңғы кезге дейін шектеулі болып келсе, бүгінгі өзгерген әлемде, жаңа қоғамдық-саяси ахуалда аталған құжаттар барған сайын өзектіленіп, жіті зерттеу нысанына айналып отыр. Дәл осы ерекше құжаттар бұрын туындамаған көптеген сауалдарға жауап бере алады. Міне, солардың көмегімен біз тарихтағы біздің бәріміздің және әрқайсымыздың жеке өмірлік қызметіміздің жемісі болып саналатын талай ақтандақтарды жоя аламыз. Тарих адамнан басталады және онымен тұлғаланады [Перемышленникова, 2001: 339] деген тұжырымдар біздің зерттеуіміздің бағыт-бағдарын айқындайды.

Осыған байланысты Л.В. Ковальчук «Мұрағаттық-тергеу деректерін сипаттау бойынша әдістемелік ұсыныстар» атты еңбегінде: «Сақталып қалған істер шынайы және салыстырмалы түрде толық ақпарат көзі болып табылады деп болжаудың қажеті жоқ, бірақ бұл осы түрінің өзінде миллиондаған қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін қалпына келтіру үшін де, кеңестік репрессиялық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтарын түсіну үшін де өте маңызды» [Кладова, 2011: 72] екендігін атап айтады.

Отандық зерттеушілердің арасында АТІ дереккөз ретінде қолданудың методологиясына қатысты зерттеулердің арасында Е. Әбілдің [Абиль, 2021] мақаласын атауға болады. Оның зеңбегінде мәселенің әдіс-тәсілдері біршама жүйеленген.

Миралишердің архивтік тергеу ісіне жинақталған құжаттарға жасалған талдау оның тым асығыс толтырылғандығын және толық еместігін танытады. Істің атауы «Сералиев Мир-Али-Шерді РКФСР ҚК 58-6 және 58-11 бабтарында қарастырылған қылмыс жасағандығы үшін айыптау» деп аталады [ҚР ПА. №3880-іс (Алматы қаласы)].

Іс бастапқыда №3880 санымен номерленсе, кейін №4981 санымен алмастырылған. Іс 1937 ж. 26 желтоқсанында басталып 1938 жылдың 21 қаңтарында аяқталған бір томнан тұрады.

Сералиевке қатысты «Айыптау туралы бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулыны» ҚКСР Ішкі істер халкомы Володьзко 26 желтоқсан 1937 ж. бекіткен. Қаулыны НКВД мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 3 бөлімнің сержанты Кабашбаев дайындаған. Айыпталушының қысқаша өмірбаянын айта келіп, «контрреволюциялық тыңшылық ұйымның белсенді мүшесі ретінде шет мемлекеттің пайдасына тыңшылық жүргізген» деген алдын ала айып тағылып, Алматы қаласындағы НКВД ішкі тергеу түрмесіне қамауға алуға қаулы еткен. Сералиев 27 желтоқсан күні қамауға алынғанымен қаулы оған 3 қаңтар 1938 ж. таныстырылған.

Аталған қаулының қабылдануына 1937 ж. 17 желтоқсанында 3 бөлім бастығының көмекшілері – мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің аға лейтенанты Марсельский мен лейтенант Латыпов дайындаған анықтама негіз болған. Осы істе тұжырымдалған «Халық жауы ретінде әшкереленген Асфендиаровтың әйелінің інісі, онымен соңғы кезге дейін тығыз байланыста болған. Қабылов Иляспен, Серғазиев Абылаймен, Балғаевпен және т.б. қазіргі кезде тұтқындалған контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшелерімен араласқан. Кеңес үкіметіне жауыққан көңіл күйде. Контрреволюциялық үгіт жүргізеді [ҚР ПА. №3880-іс. 1-п.] деген құжат М. Сералиевтің тағдырын шешті.

Миралишер Сералиев (*құжаттарда Мир-Али-Шир Сералиев – авт.*) 1896 ж. қазіргі Қызылорда қаласының төңірегіндегі №5 ауылда дүниеге келген. Әкесі Самарқанд шенеунігі Сералы Мұңайтпасұлы Лапин. Революцияға дейін Санкт-Петербург жанындағы Царское селодағы ағылшын пансионатында білім алған. Тұтқындалған кезде отбасында Алматы қаласындағы №2 дәріханада дефектор болып жұмыс істеген екінші әйелі Кривенкова Мария Николаевна және 1861 жылы туған шешесі Ахмерова Зухрамен бірге тұрған. Балалары жоқ.

Ол 1937 ж. 27 желтоқсанында тұтқынға алынғанда алғашқы тергеу хаттамасында [ҚР ПА. № 3880-іс. 6–10-пп.] революцияға дейін және одан кейінгі кезеңде қандай қызмет атқарғандығы туралы толық мәлімет береді. Алғашқы жұмысын Самарқанд қаласында капиталист Губкин-Кузнецовтың шай фирмасында шайды сұрыптаушы болып бастаған. 1918–1923 жылдары Самарқанд облыстық комиссариатының азық-түлік жүйесінде жұмыс істеген. Одан 1937 жылға дейін түрлі ұйымдарда қызмет еткен. Миралишердің отбасы жағдайы туралы да мәліметтерді осы хаттамадан кездестіреміз. Оның бірінші әйелі Гатье Тереза Павловна француз қызы. Әкесі шарап зауыттарының иесі ірі кәсіпкер болған, ұлты француз. Олар Самарқанд қаласында тұрған. Гатье гимназияны бітірген соң жеке мектептерде сабақ берген. 1925 жылы Францияға кеткен. Одан осы жылы екі рет хат алған. Өзі де хат жазып тұрған. Кейіннен байланыстары үзілген.

Архивтік-тергеу ісінің басты құжаты айыпталушының тергеу хаттамалары болып саналады. М. Сералиевтің ісінде барлығы екі тергеу хаттамасы тіркелген. Алғашқы тергеу тұтқынға алынғаннан кейін екінші күні жүргізілген. ҚКСР НКВД МҚБ 3 бөлімінің оперативті өкілі, сержант шеніндегі тергеушінің аты-жөні Кабашбаев. Хаттама 5 парақты құрайды.

Тергеу хаттамаларының құрылымы өте қарапайым болып келеді. Бұл әртүрлі тергеушілердің дайын шаблон бойынша жасаған құжаты. Тұтқынға алған сәтте жауап алынғанда айыпталушылардың барлығы дерлік өздерінің кінәсіздігін дәлелдеп, тағылған айыптарды мойындамаған болса, араға біршама уақыт салып қайта тергеу жүргізгенде олар өздерінің қызмет бабын пайдаланып, әртүрлі «кеңеске қарсы», «диверсиялық», «тыңшылық» әрекеттермен айналысқаны туралы тергеуші қалаған айғақтарды бере бастайды. Олардың мойындауларының қисынсыздығы мен ақылға сыймайтын сандырақтығы айыптау істерімен айналысып, бұл құжаттарды өздері дайындаған тергеушілерді тіпті де алаңдатпаған. Кеңсе құжаттамасының осы түріне заң тәжірибесінде қойылатын барлық талаптарға қарамастан, оның тарихи дереккөз ретінде өз «қаулықтары» бар. Бұл жай ғана іс жүргізушілердің арамзалығы, кәсіби және жалпы сауатсыздығы немесе өздерінің идеологиялық «тар ойлылығы» мәселесі емес. Тергеу ісінің басқа материалдары сияқты хаттамаларда тарихи шындықтың көп мән-жайлары жазылмайтындығы, тергеу ісі материалдарының ашықтан-ашық бұрмалануы қалыпты жағдайға айналған [Кладова, 2011: 75].

Миралишерге тергеушінің тарапынан қойылған сұрақтар оның С.Асфендиаровпен байланысын анықтауға құрылған. Айталық, «Асфендиаровтың кеңеске қарсы қызметі туралы не білесіз?», «Асфендиаровтың пәтерінде 1935, 1936, 1937 ж. болдың. Оның кеңеске қарсы қызметі туралы білуің керек» деген сауалдарға үзілді-кесілді «мен ештеңе білмеймін» деп жауап қайтарған.

«Пәтерінде тұрғанында оның үйіне кімдер келді?» деген сауалға Ғаббас Тоғжанов, Жанайдар Садуақасов, Сұлтан Сегізбаев, Абдулла Ярмухамедовтерді атайды. «Менің әпкем, Санжардың әйелінің айтуынша оларды қонаққа шақырған. Олардың қандай саяси әңгімелер айтқанын мен білмеймін, олардың қасында болған жоқпын» деген жауап қайтарады.

Тергеушінің «Асфендиаровтың үйінде контрреволюциялық жиынға аталған адамдармен бірге өзің де қатысыпсың. Шындықты айтуынды талап етемін» деген сауалға «мен ешқандай контрреволюциялық әңгімелерді естігенім жоқ және ешқандай контрреволюциялық әңгімелерге қатыспадым» деп үзілді-кесілді жауап қайтарады.

Тергеушінің Мірәлишердің Францияға кеткен бірінші әйелімен байланысы туралы сауалдарына «онымен қазіргі кезде ешқандай байланысым жоқ» деп жауап қайтарады.

«Өзіңнің кеңеске қарсы контрреволюциялық қызметің туралы айтып бер» деген талапқа «Ешкіммен контрреволюциялық байланысым болған емес» өзім ешқандай кеңеске қарсы жұмыстар жүргізгенім жоқ және кеңеске қарсы көңіл-күйде емеспін» деп шешімді жауап қайтарған.

Мирәлишердің келесі, яғни соңғы тергеу хаттамасы 1938 ж. 20 қаңтарда жүргізілген, барлығы 20 парақты құрайды [ҚР ПА. № 3880-іс. 11–36-пп.]. Осы екінші тергеу хаттамасынан айыпталушының атүрмедегі бастан өткізген моральдық-психологиялық ахуалын аңғарамыз.

Алматыдағы НКВД-ның ішкі түрмесінде бір айға жуық қамауда отырған тұтқынға жасалған моральдық және физикалық қысым өз нәтижесін бергенін екінші тергеу хаттамасының мәтінінен бірден аңғарылады.

Тергеушінің алғашқы сұрағы «Сіз өзіңіздің тыңшылық әрекетіңіз туралы шынайы мәлімет беремін деп мәлімдедіңіз. Өз мәліметтеріңізді айтыңыз» деген талаппен басталады. Оған қайырған Мирәлишердің «Кеңес үкіметінің алдындағы өз кінәмді сезіне отырып, тергеуге ақ эмигрант Мирбадалев Мирхайдармен байланыс орнатқан кезімнен бастап ештеңе жасырмай айтып беремін деп шештім» деген алғашқы сөзінен бастап әрі қарай өзінің тыңшылық әрекетін тарқатып айтып береді. М. Сералиев соңғы тергеу хаттамасында әкесі Сералы Лапинмен тығыз байланыста болған М. Мирбадалев 1924 ж. Самарқандта саудагер Ахундов Агалар арқылы алғаш рет байланысқа шыққандығын жазады. Мирбадалевтің Асфендиаровты М. Шоқаев бастаған контрреволюциялық жұмысқа қатысуға шақырған хатын Ахундовтан алған Сералиев хатты Ташкенттегі Асфендиаровқа тапсырды. Ол өз кезегінде келісім беріп, Орта Азиядағы Ф. Ходжаев, С. Қожанов, Қ. Қожықов, Құрымшин, Досмұхамедовтер бастаған пантүркістік ұйымның жұмыс істейтіндігін мәлімдеп жауап хат жазып береді. Ол хатты Мирәлишер Самарқандтағы Ахундовқа тапсырады. Сералиев осылайша Асфендиаров пен Мирбадалевтің арасын байланыстырушы курьерге айналып шыға келеді.

Сұрақ-жауаптан аңғарылатыны Мирәлишер Мирбадалевпен тікелей таныс болмаған. Тергеу хаттамасында Мирәлишердің тыңшылық және байланыстырушылық әрекетінде мынадай схема қалыптасқандығы аңғарылады: тыңшылық әрекеттерге тапсырыс беруші М. Шоқаевтың тапсырмасымен жұмыс істейтін Ирандағы Мирдабалев Мирхайдар. Ол Мирәлишерді әкесі Сералы Лапинмен таныстығы арқылы өзіне тыңшылық әрекетке тартқан. Мирәлишердің қызметі тыңшылық орталықты қазақ ұлтшылдық ұйымы басшыларының бірі С. Асфендиаровпен байланыстыру және олардың бір-бірімен хат-хабар алысуын жолға қою болған. Мирәлишердің тыңшылық орталық байланысы парсы азаматтары Агалар Ахундов және саудагер Сейфулла арқылы іске асқан. Тыңшылық сипаттағы мәліметтерді С. Асфендиаров жинақтап, арнайы пакетпен Мирәлишерге беріп отырған. Мирәлишер өз тарапынан да тыңшылық мәліметтер жинағандығын жазады. Қарсақпай мыс комбинаты туралы мәліметтерді сонда жұмыс істейтін туысы Есенәлі Баубеков арқылы жинақтап, Сейфуллаға тапсырған. Ол өз кезегінде Ташкенттегі Иран консулдығына жеткізген.

Мирәлишер алғашқы тергеуінде С. Асфендиаровтың үйінде тұрғандығын айтқан болса, соңғы тергеуінде оның Мәскеуден, Ташкенттен қайтар жолда Қызылорданың теміржол вокзалында кездесіп, одан Мирбадалевқа мәліметтер жеткізу туралы тапсырмалар бергендігін тізбелеп айтады.

Мирбадалевпен байланыстырушы парсы саудагері Сейфулламен байланыс үзілгенде онымен қызылордалық нотариус Әлмұхамед Құрымшин Ташкенттегі С. Қожанов арқылы байланысқа шыққан. Мирәлишерге парсылық сатқын Құрбанәли Хасанов та байланысқа шығып Қожанов, Тынышбаев, Мангелдиндер туралы мәлімет сұрап, қосымша тапсырмалар берген. 1935 жылы карашада ауруханадан шыққан Мирәлишер Асфендиаровтың үйінде тұрады. Сол кезде ол Мирбадалевпен бажасы Қожанов және ташкенттік саудагер Ыбырай Жұмановтар арқылы байланысын жалғастырып келе жатқанын айтқан. Мирәлишермен қатар тұтқынға алынған Қ. Қожықовтың тергеу хаттамасында осы мәселелер қозғалады [ҚР ПА. № 10031-іс. 25-п.].

Миралишер 1936 ж. қыркүйегінде Аягөз-Бахты трактына жұмысқа орналасқанда С. Асфендиаров «шекараға жақын аймақтардың жағдайы туралы мәліметтер жапон барлауын қызықтыратындығын айтып, оны жинауға, Шыңжаңдағы Мәрсековпен байланыс орнатуды тапсырған. Жұмыстан босап кетуіне, осы салаға қайтадан жұмысқа орналасу мүмкін болмағандықтан Асфендиаровтың бұл тапсырмасын орындай алмадым» деп жауап қайтарады.

Тергеуші Миралишерге Германия және Франция барлауының қызметіне қатыстылығы жөнінде де сауалдар қояды. Бұл сауалға 1923 ж. Түркістаннан Германияға Асфендиаров, Рысқұлов және басқалардың бастамасымен Ортаазиялық студенттер оқуға жіберілгендігін, олардың қасында әкесінің інісі Әбдірахман Мұңайтпасов та бар екендігін айтады. Бұл желі алғаш рет Т. Рысқұловтың 1937 ж. тергеу хаттамасында тұжырымдалған болатын.

Осы Ә. Мұңайтпасовпен 1927 ж. Қ. Қожықовтың пәтерінде жолыққанында ол Германияда М. Шоқаевпен жиі кездескендігін, кетер кезінде көтерілісші топтардың жұмысын жандандыру; шаруашылық шараларға кедергі жасау сияқты тапсырмалар бергендігін айтады. Мұңайтпасовтың айтуымен М. Шоқаевтың шетелдік барлау қызметіне жұмыс жасаудың мақсаты мен міндеттері, жұмыс тәсілдері баяндалады. Шоқаев «Англия ертелі кеш Кеңес Одағымен соғысатын болады. Сол үшін Түркістандағы Кеңес өкіметінің қорғаныс қабілеті туралы мәліметтер шетелдік әскердің ұрымтал тұстан соққы беруі үшін қажет» дейді. Шоқаев сонымен бірге Мұңайтпасовқа батысеуропалық саяси басшылар және әкери ортамен Кеңес өкіметіне қарсы майдан ашу туралы келісімдер жасағандығын айтқан. Сол сияқты Шоқаев «Қожанов, Асфендиаровқа және т.б. башқұрт, татар, азербайжан және басқа ұлт республикаларымен капиталистік мемлекеттердің Кеңес Одағына қарсы біртұтас блок болып майданға шығу жөнінде келісімге келуді» тапсырады. Қожанов пен Асфендиаровтың атынан сөйлеген Ә. Мұңайтпасов та Миралишерді тыңшылық әрекетке тартушылардың бірі болып шыққан.

Миралишер Франциядағы әйелімен байланысу үшін Халықаралық Қызыл Крест ұйымына оның өзін немесе туыстарын тауып беруді сұраған хаты жауапсыз қалады. Содан кейін ҚКСР Ішкі істер халкомы С. Есқараевқа Мұңайтпасовпен болған әңгімені толығымен айтып береді. Есқараев шетелдік ұйыммен байланысты жолға қою үшін қажетті құжаттармен, қаржымен, ең бастысы Шоқаевқа қажетті мәліметтермен қамтамасыз етуге уәде береді. Есқараевтың Орынборға қызметке ауысуына байланысты бұл мәселе аяқсыз қалады.

Шетелдегі әйелімен байланыс жасау үшін 1930 жылы Қазақ жол құрылысы мекемесінде Франция азаматы, инженер Бенимен байланысады. Бұрынғы әйелімен байланыстыру туралы Миралишердің ұсынысына ол Қазақстанды жетік білетін адамдармен таныстыруды сұрайды. Оның өтінішімен Миралишер оны С. Асфендиаровпен байланыстырады.

Тергеу хаттамасында «1925 ж. қыркүйегінде Қожанов, Төреқұлов үшеуі кездесіп, Англияның пайдасына тыңшылық әрекетті жалғастыруға уағдаластық», «1926 ж. ортасында Төреқұлов Қыдырәлиевтен алған тыңшылық мәліметтерді Камалов арқылы ағылшындарға беруді тапсырды» [ҚР ПА. № 3880-іс. 35-п.] деген мәліметтер кездеседі.

Пантүркістік ұйымның Англияға бағытталған байланыстары 1932 жылға дейін жалғасқан. Осы жылдан бастап мәскеулік контрреволюциялық орталық қазақ ұлтшылдық орталығына жапон-герман фашизмі жеңіске жеткен жағдайда Кеңес өкіметіне қарсы жұмысты жолға қою үшін Батыс Қытайдағы жапон барлауымен жұмыс істеуге тапсырма берген. Одан әрі қарай тергеу хаттамасы жапон бағдарына қатысты өрбиді.

Асфендиаровтың көрсетулерінде Қазақстандағы ұлтшылдық орталықтың тыңшылық қызметі мәскеулік орталықтың басшысы С. Қожановтың тікелей тапсырмасы арқылы іске асып отырған.

С. Асфендиаровтың ағылшын барлау ұйымымен байланысты қызметін айғақтау үшін оның туған қайнысы Миралишер Сералиев арнайы таңдап алғандығы бірден аңғарылады.

С. Қожановқа қатысты мынадай бір мәліметке назар аударсақ болады. С. Асфендиаровтың көрсетуінде 1934 ж. желтоқсанында және 1935 ж. шілдесінде Жанайдар Садуақасовтан С. Қожановқа тапсыру үшін құпия деректер алып, сол уақытта Ташкентте қызмет істейтін С. Қожановқа тапсырылады. С. Қожанов аталған және басқа да деректерді Оңтүстік Қазақстан облысынан, соның ішінде Түркістан ауданынан ауакөшушілер арқылы Ауғанстан, Персия мен Түркиядағы пантүркістік ұйымның басшылары М. Шоқаевқа, Садри Мақсудовқа жібердім деп айтқан [ҚР ПА. № 3880-іс. 39-п.].

М. Сералиев шетелдік барлау агенті Санжар Асфендиаров тарапынан 1924 жылы шетелдік шпиондық-барлау жұмысына тартылған. Айыптаушының құжаттарына 1937 ж. тұтқынға алынған С. Асфендиаровтың 26 қараша күнгі тергеу хаттамасының көшірмесі [ҚР ПА. №3880-іс. 44–83-пп.]

тігілгендігі көп жайтты аңғартады. Санжардың әйелі 1893 ж.т. Рәбиға Миралишердің туған әпкесі болып келеді. Ол тергеу хаттамаларында әпкесі мен жездесінің Мәскеудегі, Алматыдағы үйлерінде жиі болғандығын жазады.

М. Сералиев 1932 жылға дейін Асфендиаров пен Мирбадалев арасын байланыстырушы болған. Тергеушілер Мирбадалев Мирхайдардың Иранда жүрген Бұхара Әмірінің танымал шенеунігі болғандығын, ол Мұстафа Шоқаевтың Ирандағы өкілі екендігін жазады.

Тергеуде М. Сералиев тұтқынға алынғанға дейін мемлекеттің саяси-экономикалық жағдайы, тұрғындардың көңіл-күйі, Орта Азия мен Қазақстандағы Қызыл әскер бөлімдерінің қорғаныс қуаты, орналасуы, қорғаныс өнеркәсібі, транспорт пен жол қатынасының жағдайы туралы мәліметтерді жүйелі түрде жинап, шетелдік барлау өкілдеріне тапсырып отырған.

НКВД Мемлекеттік Қауіпсіздік басқармасы ІІІ бөлімнің қызметкері майор Дмитриенко дайындаған Айыптау қорытындысында «іс бойынша заттай айғақтар жоқ» екендігін нақтыланған. Қорытындысында М. Сералиев С. Асфендиаровты Мешхедтегі ағылшын барлау резиденциясы мен шығыстық ақ эмигранттар лидері М. Шоқаевпен байланыстырған «ағылшын-жапон шпионы» деген айып тағылып, 1938 жылдың 11 ақпанында ату жазасына кесіледі, үкім 19 наурызда орындалғандығы құжатталған.

Кез келген ресми ақпарат сияқты тергеу құжаттарының да қос қатпарлы мағынасы бар. Бірінші қатпарды қоғамда нақты қызмет ететін тұлғалар құраса, екінші қатпардың мағынасы астарсана түрінде танылады. Тергеу істерінің бірінші қатпарын өз уақытының мазмұнымен бірлікте қарастыру арқылы нақтылықпен қабылдауға болады. Бірақ бұл дәстүрлі таным тұлғалар қызметінің астарындағы хатталмаған, құжатталмаған мазмұнын түсіндіру үшін жеткіліксіз болады. Өйткені, тергеу істері белгілі бір тарихи кезеңдегі билік пен жеке тұлғаның, жеке адам мен қоғам қарым-қатынасының сұлбасын, сыртқы болмысын ғана таныта алады. Сондықтан қуғын-сүргінге ұшырағандардың тергеу істерінің көпқатпарлы мәліметтеріне тергеуші мен тергелуші психикасының астарсанасындағы жасырын ақпаратты ашуға көмектесетін нақты танымдық операциялар жасалуы керек.

Айыпталушыға айып тағылатын әрекеттердің стереотиптік сипаты мынадай болып келеді: іс жүзінде барлық тергеу істері ұқсас қылмыстар «жиынтығын» құрайды, куәларға бірдей сұрақтар қойылады және олар дәл тергеуші күткен айғақтарды береді. Кәдімгі күнделікті әңгімелерден және айыпталушының күнделікті, қарапайым әрекеттерінен қылмыс іздестіретін бұл ауытқушылық арнайы қызметтердің мінез-құлқына психоаналитикалық талдау жасауға мүмкіндік береді. «Үлкен террор» кезеңінің негізгі қарама-қайшылығы «халық жауы – билікке бұрын-соңды және қандай да бір жолмен ренжіген кез келген адам», «шетелдіктер зұлым», «жау ешқашан өзін ашық көрсетпейді, оны әшкерелеу керек» деген сияқты стереотиптермен көрініс береді [Кладова, 2011: 82]. Саяси қуғындау аппаратына мүлтіксіз қызмет жасаған тергеушілер алдына келген айыпталушының кез-келген байланыстарын өз қалауларына сай бұрып алатындығы және мойындататындығының осындай мотивтері болды.

Тарихи дереккөз ретінде қалыптасқан қуғын-сүргінге ұшырағандардың тергеу істері айыпталушының да, айыптаушының да «психикалық астарсанасын» тарих психологиясы тәсілдерімен қайта жағыртуға түрткі болады. Бұл құжаттармен жұмыс істейтін зерттеушінің міндеті – мәтіндегі психикалық астарсананың кез келген көріністерін анықтау және ашу, бұл осы тарихи дереккөздің сенімсіздігі мәселесін жоюға және оны тарихи реконструкцияларды жүзеге асыру үшін белсенді пайдалануға көмектеседі.

Тарихи-психологиялық талдаудың мысалын Т. Рысқұловтың АТІ-нен келтіруімізге болады. Т. Рысқұлов 1937 жылдың 21 мамырында тұтқынға алынды [Хаустов, 2010: 149]. Тұрар Рысқұлов 3 шілде 1937 жылғы тергеу хаттамасында Рыковтың Мәскеу мен Орта Азиядағы және Қазақстандағы шетелдік елшіліктермен байланыс орнату туралы ұсынысынан соң бірін-бірі алмастырып, Геджас-Аравияда КСРО өкілетті елшісі болып қызмет істеген Төреқұлов және Хакимовпен кездескендігін, ол екеуінің Германия, Жапония және Түркияның барлау органдарымен ертеден байланыста болғандығын айтады [Хаустов, 2010: 351]. Тергеушілер пантюркистік ұйымдардың басшыларының бірі деп айыптаған Т. Рысқұлов «Біздің пантюркистік ұйым толық мағынасында біртіндеп Герман фашизмінің Кеңес Одағындағы барлау агентурасына айналды. ...Менімен және Мәскеудегі Герман елшілігімен байланыс Төреқұлов пен Хакимов арқылы іске асты» [Хаустов, 2010: 359] деген сандырақ мойындауға бір басына қайсарлығы жетіп артылатын Т. Рысқұловтың психологиялық және физикалық қысымсыз қол қоюы мүмкін емес еді. Тергеудің адам құқын аяққа таптап, өрескел

жүргізілгендігі өз алдына, «қажетті» айғақты алу үшін тергелушіні ұрып-соғу тәсілі қолданылғандығына айыпталушылар ғана емес, жаппай қуғын-сүргін кезінде заңдылықты бұзғандығы үшін айыпталған НКВД қызметкерлері де куәлік етеді. Тергеуде «физикалық ықпал ету» тәсілін қолдану жөнінде Сталиннің де жазбаша нұсқаулары сақталған. Бүкілодақтық Атқару Комитетінің хатшысы И.С. Уншлихтың тергеу хаттамасымен танысқан Сталин «...Уншлихты Польша агенттерін айтпағандығы үшін ұрып-соғындар» [Хаустов, 2010: 137] деп Н. Ежовқа қатаң тапсырма берген.

Осы мәселеге қатысты С.Қожанов АТІ-нің мәліметтеріне талдау жасап көрейік. Ол 1937 жылы Ташкент қаласында тұтқынға алынып, 10 шілдеде «аса қауіпті қызмыскер ретінде ерекше күзетпен» Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жеткізілді [РФ ФКҚ ОА. №12637-іс. Султанбек Ходжанов): 1-п.]. Оның АТІ арасында 20 шілде күні ПХК комиссары Н. Ежовқа жазған өтініші сақталған. Қазақ Өлкелі] партия комитетінің хатшысы болған кезінде Семей обкомының хатшысы, кейін Қазөлкекомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып, карамағында қызмет істеген Н. Ежовтың «бір рет болса да жеке өзінің тергеу жүргізуін» [РФ ФКҚ ОА. №12637-іс. 11-11а.б.-пп.] өтінеді. Бұл өтініш тергеу ісіне тіркелгенімен оған ешқандай белгі қойылмаған және істе оған сілтеме жасайтын немесе еске салатын ешқандай құжат кездеспейді.

Бұл өтініштен С. Қожановтың үлкен саяси және қылмыстық айыптаумен тұтқынға алынып, қуғындау машинасының алдында тізе бүккен шарасыз моральдық-психологиялық ахуалы танылады. Әйтсе де, құрдымға кетіп бара жатқан тағдырына алаңдап, ең соңғы тірек ретінде бұрынғы қызметтесінің тарапынан көмек күткен әлсіз үміттің нышаны аңғарылады [Тұрсұн, 2024: 130]. Аса маңызды деп саналған қылмыстық істерді тікелей өз қадағалауына алып, оның нәтижесін Сталинге баяндап отырған Н. Ежовтың С. Қожанов өтініші бойынша онымен кездесуі де мүмкін, кездеспеуі де мүмкін. Қалай болғанда да Ежовтың тергеу ісіне жанама болса да қатысуы құжатталмаған. Деректік құжат болмаған соң дәстүрлі таныммен олардың кездесуі туралы әлдеқандай болжам жасау орынсыз. АТІ қамтыған осы детальді эмпатикалық түсіну әдісімен түсіндірер болсақ, онда тарих психологиясының әдіс-тәсілдері арқылы тұлғаның астарсанасындағы мәліметтерді «сөйлетіп» тың тұжырымдар жасауға болады. Тарих ғылымындағы тәжірибе мен бақылауға негізделген эмпирикалық ұстанымдарға сүйеніп интерпретация жасар болсақ, онда АТІ «қатып-семген» және субъективтілігі басым мәліметтердің қаншалықты шынайылығын анықтауға болар еді.

Қоңырқожа Қожықов 1938 жылдың 27 қаңтарында Алматы қаласында тұтқынға алынды. «Қазақстанда ашылған контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қатысты тергеу материалдарына сәйкес, ол осы ұйымның белсенді мүшесі ретінде көрсетілген, сол арқылы ұйым шет мемлекеттердің бірінің барлау қызметімен байланыс орнатқан [ҚР ПА. №10031-іс. 3-7-пп.] деп, Ауғанстандағы Қалжановпен, Ирандағы М. Мирбадалевпен, Париждегі М. Шоқаевпен байланыс орнатқан, ұлтшылдық ұйымға бес адам тартқан деген айыптар тағылып, 15 ақпан күні Үштіктің шешімімен атылған.

М. Сералиевтің архивтік-тергеу ісіне тіркелген С. Асфендиаровтың қараша 1937 ж. тергеу хаттамасында оның есімі мүлдем аталмайды. Есесіне осы хаттама толығымен Санжардың тыңшылық әрекетін әшкерелеуге арналғандығы аңғарылады. Тергеушілер ұлт зиялыларын пантүркистік, кеңеске қарсы контрреволюциялық ұйым құрды деген жалпы айыптауға топастырған болса, осы ұйымның қызметін былайша жіктейді: кеңестік құрылысқа қарсы диверсиялық жұмыстар жүргізетін бандалық құрылымдар жасақтау; ауылшаруашылық реформаларына наразы шаруалардың көтерілстерін ұйымдастыру; таяу шетелдерге тұрғындардың ауа көшуін ұйымдастыру; шетелдік барлау агенттерімен бірлесіп солардың пайдасына тыңшылық жүйе құру. С. Асфендиаровтың аталған тергеу хаттамасы оның тыңшылық жұмысқа кімдер арқылы тартылғандығы, шетелдік барлауға нендей мәліметтер бергендігін анықтауға арналған.

Оның көрсетуі бойынша ұлтшылдық ұйымның мәскеулік орталығының басшысы С. Қожанов Бухарин мен Рыковтар арқылы Жапония және Германия өкілдерімен байланыс орнатқан. Олар Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайы туралы материалдар талап еткендіктен «Қожанов маған тыңшылық жұмыспен айналысуды ұсынды. 1935 жылы Алматыдағы кездесуімізде Батыс Қытайдағы қазақ эмигранттары арқылы жапон үкіметімен КСРО-ға қарсы соғысқа дайындық мәселесімен айналысуды тапсырды. Қожановтың барлық тапсырмасын біздің ұйым және мен басшылыққа алдық [ҚР ПА. №3880-іс. 86-п.].

Асфендиаров осы тергеуде Англиямен байланыс орнату 1920–1922 жж. Орта Азияда басмашылық қозғалысты қолдауға байланысты туындағандығын айтады. Осыған байланысты 1920 ж. бахаистер деп аталатын парсы сектант-эмигранттарымен байланыс орнатқан. Өзімен байланысқан

агенттердің қатарында Ташкенттегі сауда комиссионері Әлиакбар Камаловты атайды. Оның көмегімен Мешхедтегі ағылшын миссиясымен байланыс орнатылған. Басмашыларды қару-жарақ, киім және нұсқаушылармен қамтамасыз ету туралы өтініштерінің «Орта Азиядағы әскери, саяси-экономикалық жағдай туралы тыңшылық мәліметтерді жүйелі түрде жеткізіп тұрған жағдайда орындалатындығы» жөнінде жауап алған.

1924 ж. Ташкентте Персияның Бас консулдығы ашылып, консул болып Мұхамед-хан Могаддан тағайындалған. Асфендияров пен Камалов ендігі жерде тыңшылық мәліметтерді Англияға осы консулдық арқылы жіберіп тұрған.

Үлкен террор әлеуметтік және саяси себептерге негізделген, оның үстіне этникалық бағытқа қарай ауытқулары бар жазалау саясаты болды, бұл негізінен сыртқы саяси факторлардан туындады және мақсатты сипат алды [Алланиязов, 2025: 186] деген тұжырым одан әрі таратуды қажет етеді. Бұл жердегі «этникалық бағытқа қарай ауытқулары» дегенді этноцидтік сипаты бар қуғындау саясаты деп нақтылаған орынды болар еді. Оған дәлел ретінде «пантүркістік, ұлтшылдық» деп аталған құрылымдар этникалық мәнге ие болса, «тыңшылық әрекетке тартылғандардың» барлығы дерлік Орталық Азияның жергілікті ұлттарының өкілдерінен құралғандығына М. Сералиевтің және тыңшылыққа айыпталған тұлғалардың АТІ мәліметтері айғақ болады.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, Миралишер Сералиевтің АТІ тарихи дереккөз ретінде талдау жасау барысында оған тағылған айыптардың негізсіз екендігіне көз жеткіздік. Ең бастысы, құжаттардың жүргізілуінде қылмыстық-процессуалдық талаптар өрескел бұрмаланған. Айыптау ісіне қылмысқа айғақ болатын заттай айғақтар тіркелмеген, іске қатысты топтастырылған айыпталушылармен беттестіру жүргізілмеген. Шетелдік тыңшылық органдардың агенттерінің іс әрекеттері нақтыланбаған. Айыптау қорытындысы айыпталушының қисынсыз және дәлелсіз «мойындаулары» негізінде тұжырымдалған. Тергеу құжаттарындағы осындай сәйкессіздіктерді негізге алып оған тағылған «ағылшын тыңшысы» деген айыптаудың ойдан шығарылғандығына көз жеткіздік. М. Сералиевтің қуғындалу тарихы кеңестік биліктің ұлт зиялыларына қатысты қуғын-сүргін саясаты алысты көздеген этникалық сипатта жүргізілгендігінің нақты айғағы бола алады.

#### Деректер

РФ ФКҚ ОА – Ресей Федерациясы Федералдық қауіпсіздік қызметінің Орталық архиві.  
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

#### Әдебиеттер

Абиль, 2021 – *Абиль Е.* Методика и методология изучение истории политических репрессии // Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Вопросы реабилитации жертв массовых политических репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX века: отечественный опыт и международная практика», 2 ноября 2021 г. Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. С. 63-70.

Алланиязов, 2025 – *Алланиязов Т.К., Балтабаева К.Н.* Заметки на полях сборника документов «Вертикаль и горизонталь Большого террора: политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.» // *Bulletin of history.* №2 (117) 2025. С. 185–193.

Вертикаль и горизонталь... 2024 – *Вертикаль* и горизонталь Большого террора: политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Ред.-сост. А.С.Жанбосинова. Астана, 2024. 886 с.

Кладова, 2011 – *Кладова Н.В.* Следственные дела репрессированных: проблемы включения источника в научный оборот. // *Человек – текст – эпоха: Сб. науч. ст. и материалов.*–Вып. 4: аналитические практики и перспективы современного источниковедения / под ред. Е.Е.Дутчак, В.П. Зиновьева. Томск: Изд-во Том. ун-та. 2011. 320 с. С. 70–83.

Литвин, 2001 – *Литвин А.Л.* Следственные дела советских политических процессов как исторический источник. // Проблемы публикации документов по истории России XX века. Материалы Всероссийской научно-практической конференции научных и архивных работников. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОСПЭН). 2001. 368 с.

Перемышленникова, 2001 – *Перемышленникова Н.М.* Архивное следственное дело как исторический источник // Проблемы публикации документов по истории России XX века. Материалы Всероссийской научно-практической конференции научных и архивных работников. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОСПЭН). 2001. 368 с.

Тұрсұн, 2025 – Тұрсұн Х. Архив құжаттарындағы Сұлтанбек Қожановтың қуғындалу тарихы // *Turkic historical studies*. №1 2024 сәуір-мамыр-маусым. 74-84 бб.

Хаустов, 2010 – Хаустов В., Самуэльсон Л. Сталин. НКВД и репрессии 1936-1938 гг. Москва: РОСПЭН. 2010.

### Sources

РФ ФКҚ ОА – Resey Federaciyasynyñ Federaldyq qauipsizdik qyzmetiniñ Ortalyq arhivi [Central Archive of the Federal Security Service of the Russian Federation]

ҚР ПА – Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

### References

Abil, 2021 – Abil E. “Metodika i metodologiya izucheniya istorii politicheskikh repressii” [Methods and methodology for studying the history of political repressions]. *Sbornik materialov Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii “Voprosy reabilitatsii zhertv massovykh politicheskikh repressii v Kazakhstane v 20–50-kh gg. XX veka: otechestvennyi opyt i mezhdunarodnaya praktika”*, 2 November 2021. Almaty: Institut istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valikhanova, 2021. Pp. 63–70. [In Russian].

Allaniyazov, 2025 – Allaniyazov T.K., Baltabaeva K.N. “Zametki na polyakh sbornika dokumentov ‘Vertikal’ i gorizontal’ Bol’shogo terrora: politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937–1938 gg.” [Notes on the margins of the collection of documents “Vertical and horizontal of the Great Terror: political repressions in Kazakhstan in 1937–1938]. *Bulletin of History*. 2025. No. 2 (117). Pp. 185–193. [In Russian].

Vertikal i gorizontal..., 2024 – *Vertikal’ i gorizontal’ Bol’shogo terrora: politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937–1938 gg.* [Vertical and horizontal of the Great Terror: political repressions in Kazakhstan in 1937–1938]. Collection of documents / Ed.-comp. A.S. Zhanbosinova. Astana, 2024. 886 p. [In Russian].

Kladova, 2011 – Kladova N.V. “Sledstvennye dela repressirovannykh: problemy vklyucheniya istochnika v nauchnyi oborot” [Investigative files of the repressed: problems of incorporating the source into scientific circulation]. *Chelovek – tekst – epokha: sbornik nauchnykh statei i materialov*. Issue 4: Analiticheskie praktiki i perspektivy sovremennogo istochnikovedeniya / ed. by E.E. Dutchak, V.P. Zinoviev. Tomsk: Izd-vo Tomskogo universiteta, 2011. Pp. 70–83. [In Russian].

Litvin, 2001 – Litvin A.L. “Sledstvennye dela sovetskikh politicheskikh protsessov kak istoricheskii istochnik” [Investigative files of Soviet political trials as a historical source]. *Problemy publikatsii dokumentov po istorii Rossii XX veka*. Proceedings of the All-Russian Scientific and Practical Conference of Scientific and Archival Workers. Moscow: Rossiiskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2001. 368 p. [In Russian].

Peremyshlennikova 2001 – Peremyshlennikova N.M. “Arkhivnoe sledstvennoe delo kak istoricheskii istochnik” [Archival investigative file as a historical source]. *Problemy publikatsii dokumentov po istorii Rossii XX veka*. Proceedings of the All-Russian Scientific and Practical Conference of Scientific and Archival Workers. Moscow: Rossiiskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2001. 368 p. [In Russian].

Tursun, 2025 – Tursun H. “Arkhiv qujattaryndagy Sultanbek Qojanovtyn qugyndalu tarihy” [The history of persecution of Sultanbek Kozhanov in archival documents]. *Turkic Historical Studies*. 2024. No. 1 (April–May–June). Pp. 74–84. [In Kazakh].

Khaustov, 2010 – Khaustov V., & Samuelson L. Stalin. NKVD i repressii 1936–1938 gg. [Stalin, the NKVD and the repressions of 1936–1938]. Moscow: ROSSPEN, 2010. [In Russian].

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT  
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

<b>Мамытова С.Н.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<b>Ахметжан К.С.</b> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<b>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</b> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<b>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</b> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<b>Toraigyrov Ye.M.</b> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<b>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</b> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<b>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</b> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<b>Черниенко Д.А.</b> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<b>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</b> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY .....	564
<b>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</b> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
<b>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</b> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

<b>Сулейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
<b>Молотова Г.М.</b> ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
<b>Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С.</b> ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
<b>Алимбай Н.</b> ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
<b>Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиқов Б.С.</b> ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
<b>Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т.</b> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
<b>Шашаева М.А.</b> ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
<b>Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г.</b> АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
<b>Есен С.Ғ.</b> МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
<b>Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә.</b> ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
<b>Муратбаева А.Б.</b> ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

<b>Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
<b>Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.</b> ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
<b>Алибек С.Н., Кудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
<b>Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
<b>Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
<b>Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.</b> МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
<b>Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.</b> КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. ....	878
<b>Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.</b> ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
<b>Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
<b>Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.</b> THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
<b>Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.</b> THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---